

## **5B011400-ТАРИХ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **5B011400 – Тарих мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері**

**Білім беру бағдарламасының мақсаты** – тарих мамандығы бойынша жоғары білікті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие және төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби білікті мамандарды дайындау:

- оқушы тұлғасын жан-жақты дамуын қалыптастыру және тәрбиелеу,
- тарих саласында жүйеленген білімді қалыптастыру,
- тарихты оқыту үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру,
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

#### **Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:**

- болашақ тарих пәнінің мұғалімдерін қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білімнің әлемдік стандартына сәйкес сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- болашақ тарих мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттерінің жүйесін және жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- тұлғалық, тәни, рухани және интеллектуалды өзіндік дамудың жолдарын, психологиялық сауатын, ойлану мәдениетін және мінез-құлқын қалыптастыру.

**1. 5B011400 – Тарих мамандығы бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер**  
Білім беру бағдарламасы мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға қол жеткізу келесі құзыреттерді қалыптастыруды мүмкін етеді:

- *жалпымәдени;*
- *кәсіби;*
- *пәндік.*

#### **2.1 Жалпымәдени құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

2.1.1 Өзінің тұлғалық даму мақсаттарын қалыптастыруға және шынайы бағалауға қабілетті, сондай-ақ, оқушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын *игерген;*

2.1.2 Әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешу кезінде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі қағидалары мен әдістерін қолдануға *қабілетті;*

2.1.3 Ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты *жеткізетін*, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын *игерген;*

2.1.4 Шет тілінен білімін қарым-қатынас жасау және арнайы мәтінді түсіну үшін *қолданады;*

2.1.5 Ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын *қолданады*, ауқымды компьютерлік желідегі компьютермен жұмыс істеу *дағдылары бар;*

2.1.6 Әлеуметтік өзара әрекеттестікті құруда білім беру үрдісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге *қабілетті*;

2.1.7 Адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін *меңгерген*;

2.1.8 Ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен құру тәсілдерін *жете түсінеді*;

2.1.9 Дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын қолдана алады; толыққанды әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дәне тәрбиесіне дайындыған тиісті деңгейге жеткізуге *дайын*.

## **2.2 Кәсіби құзыреттіліктер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

2.2.1 Оқу-тәрбие үрдісін оқу тәжірибесінде жүзеге асыруды модельдей алады;

2.2.2 Әр түрлі жас кезеңдерінде адамның әрекетін және жүріс-тұрысын реттеудің негізгі ерекшеліктерін біледі, психикалық және психофизиологиялық дамуының жеке ерекшеліктері мен жалпы, арнайы заңдылықтарын ескеру құралдарын қолдана алуға қабілетті;

2.2.3 Психологиялық және педагогикалық зерттеулерде сапалық және сандық әдістерді меңгерген;

2.2.4 Түрлі жастағы балалардың әрекетін, қарым-қатынасын, дамуын диагностикалау әдістерін қолдана алуға қабілетті;

2.2.5 Білім берудің әртүрлі деңгейіндегі білім алушылар үшін бағдарламаларын; оқыту, тәрбиелеу және дамытудың әртүрлі теорияларының білімдерін қолдануға дайын;

2.2.6 Балалардың түрлі әрекетін ұйымдастыру қабілетін меңгерген;

2.2.7 Білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғаралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін меңгерген;

2.2.8 Мамандықтың жоғары әлеуметтік маңызын түсінеді, кәсіби этикалық ұстанымдарды ұстанады;

2.2.9 Әлеуметтік-мәдени жағдаяттың даму ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдениетті ортада кәсіби әрекетті енгізу тәсілдерін, сондай-ақ, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін меңгерген;

2.2.10 Кәсіби міндеттерді шешудегі мамандардың пән аралық және ведомство аралық өзара әрекеттесуіне қатысуға қабілетті;

2.2.11 Мүгедектер құқықтары және балалар құқықтары жайлы негізгі халықаралық және отаныдық іс-қағаздарды кәсіби әрекетінде қолдана алады;

2.2.12 Сыни ойлау әдісін меңгерген;

2.2.13 Инклюзивті білім берудің құндылықтары мен *сенімдерін бөлісе алады*.

2.2.14 Өзгермелі еңбек нарығына бейімделуі және белсенді де жауапты азамат болып қалыптасуы үшін нәтижеге және мобильділікке бағытталған білім алуға қабілетті/

## **2.3 Пәндік құзыреттер түлек үшін төмендегідей сипаттарға ие:**

2.3.1 орта білімнің ерекшеліктерін түсінеді және әр жастағы балаларға білім беруде сабақтастықты іске асыратын құралдарды меңгерген;

2.3.2 орта мектеп оқушыларына тарихты оқытудың технологиясы мен теориялық негіздерін игерген;

2.3.3 тарихтың концептуалды және теориялық негіздерін, оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, даму тарихы және қазіргі жағдайын біледі;

2.3.4 іргелі тарихи теориялар мен заңдылықтар, ғылым және техникадағы құбылыстар мен үрдістердің тарихи мәні туралы жүйелі білімді игерген;

2.3.5 мектеп оқушыларының пәндік икемдері мен бейімдерін қалыптастыру әдістерін, сонымен қатар олардың тарихқа қызығушылығын қалыптастыру және күнделікті өмірде тарихи білімді пайдалану тәсілдерін меңгерген;

2.3.6 тарихи зерттеу жұмысын атқару және ұйымдастыру дағдыларын игерген;

2.3.7 әлеуметтік-саяси құбылыстар мен үдерістерді талдау мен сараптау үшін іргелі және қолданбалы, жалпы және теориялық тарихи ғылымдар туралы білімді қолдануға қабілетті;

2.3.8 теориялық және тәжірибелік тарих саласында аналитикалық шешімдерді байқаулар мен тәжірибелер нәтижелерін теориялық тұрғыдан талдау әдістерін және компьютерлік үлгілеу тәсілдері арқылы жүзеге асыруға қабілетті.

### 3.2 5B011400 – Тарих мамандығы бойынша оқу жоспары

Оқыту мерзімі: 4 жыл  
Академиялық дәрежесі: 5B011400 – Тарих мамандығы бойынша білім бакалавры

№	Модуль және пән атауы	ECTS	Семестр
<b>ЖБ МОД 1</b>	<b>Жалпы білім беру пәндері модулі</b>	<b>24</b>	<b>1-3</b>
<b>МПК 1.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>24</b>	<b>1-3</b>
1.1.01	Тәуелсіз Қазақстан тарихы	3	1
1.1.02	Қазақ (орыс) тілі	4	1
1.1.03	Шетел тілі – В1	4	1
1.1.04	Компьютерлік ғылымдар	4	2
1.1.05	Артбілім	3	1
1.1.06	Экономика және бизнес	3	3
1.1.07	Білім беру философиясы	3	3
<b>КПМ 2</b>	<b>Кәсіби пәндер модулі</b>	<b>60</b>	<b>1-8</b>
<b>МПК2.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>60</b>	<b>1-8</b>
2.1.01	Педагогика	5	2
2.1.02	Педагогикалық риторика	3	3
2.1.03	Педагогикалық менеджмент	3	4
2.1.04	Психология	5	2
2.1.05	Зерттеу әдістері	3	3
2.1.06	Жас ерекшелігі физиологиясы және мектеп гигиенасы	3	1
2.1.07	Шетел тілі В2	5	2
2.1.08	Инклюзивті білім беру	3	5
2.1.09	Іс-тәжірибе – 1	6	4
2.1.10	Іс-тәжірибе – 2	9	6

2.1.11	Іс-тәжірибе – 3	15	8
<b>АПМ 3</b>	<b>Арнайы пәндер модулі</b>	<b>144</b>	<b>1-8</b>
<b>МПК3.1</b>	<b>Міндетті пәндер компоненті</b>	<b>81</b>	<b>1-8</b>
3.1.01	Ежелгі Қазақстан тарихы	5	1
3.1.02	Ертедегі және ортағасырлардағы Азия тарихы	5	1
3.1.03	Археология	3	2
3.1.04	Археологиялық іс-тәжірибе	2	2
3.1.05	Қосалқы тарихи пәндер	5	3
3.1.06	Еуропа тарихы: антикалық кезең және ортағасыр	5	3
3.1.07	Қазақстанның ортағасырлардағы тарихы	5	3
3.1.08	Бағалаудың өлшемдік технологиялары	3	3
3.1.09	Тарих бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру	5	4
3.1.10	Африка тарихы (көне заманнан ХХІ ғ. басына дейін)	5	4
3.1.11	Түркі халықтарының тарихы	5	4
3.1.12	Еуропа және Америка елдерінің ХVІІ-ХХІ ғғ. тарихы	5	5
3.1.13	Тарихты оқыту әдістемесі	5	5
3.1.14	Қазақстанның жаңа заман тарихы	5	5
3.1.15	Азия елдерінің ХVІІ-ХХІ ғғ. тарихы	5	6
3.1.16	Тарихты оқытудағы ақпараттық технологиялар	5	6
3.1.17	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	5	7
3.1.18	Кәсіби-бағытталған шетел тілі	3	5
	<b>Дипломдық жұмыс</b>	<b>12</b>	<b>8</b>
<b>ЭПК 3.2</b>	<b>Элективті пәндер компоненті</b>	<b>63</b>	<b>3-7</b>
	<b>Барлығы</b>	<b>240</b>	
	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>		
	Дене тәрбиесі	12	1-4
	Дінтану	3	2
	Мәңгілік ел	3	2

### 3.4 Модуль бойынша ұсынылатын элективті пәндер

№	Модуль және пән атауы	ECTS
<b>3</b>	<b>Арнайы пәндер модулі</b>	<b>144</b>
<b>3.2.</b>	<b>элективті арнайы пәндер модулі</b>	<b>63</b>

3.2.01	Қазақ халқының этнографиясы XV-XVII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті	4
3.2.02	Қазақстан тарихының жазбаша деректер Қазақстан тарихының визуальдық деректер	3
3.2.03	Этнология Азиядағы діндердің таралу тарихы	3
3.2.04	Мұражайтану Кәсіби қазақ/орыс тілі	4
3.2.05	Қазақ мемлекеттілігінің тарихы XV-XIX ғасырлардағы Қазақ халқының ауызша тарих дәстүрі	4
3.2.06	Деректану және құжаттану Теориялық және қолданбалық археография	3
3.2.07	Қазақ диаспорасының тарихы Қазақстандағы диаспоралардың тарихы	5
3.2.08	Халықаралық қатынастар тарихы Дипломатия тарихы	5
3.2.09	XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының күнделікті өмір тарихы: зерттеудің теориясы мен практикалық қолданысы Қазақстанның интеллектуальдық тарихы: қазақ зиялыларының еңбектеріндегі негізгі идеялар ( XIX XXғғ)	5
3.2.10	Тарихи білімнің тарихы Шетелдер тарихының тарихнамасы	5
3.2.11	XX ғасырдағы Қазақстанның модернизациясы ҚР сыртқы саясаты тарихы	5
3.2.12	Кеңес мемлекетінің тарихы ТМД тарихы	5
3.2.13	Тарих теориясы мен методологиясы Тарихи үрдіс және тарихи таным теориясы	6
3.2.14	Қазақстан тарихының тарихнамасы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері	6